



# Қазак өлеңдерінің құрылысы

ұйқасы қалыпқа

түскен ,

шумағы мен

бунағы белгілі

тәртіпке

бағынған

нақышты

сөздер тізбегі.

Өлеңнің

түрлері мен

жанрлары әр

алуан: ода,

элегия, баллада,

сонет т.б. Кең

мағынасында

өлең қысқа

көлемді

ПОЭЗИЯЛЫҚ

ТУҒЫНДЫЛАРДЫҢ




# Қазақ ауыз әдебиетіндегі халық өлеңдері

Еңбек- кәсіпке орай: аңшылық , төрт-түлік, наурыз өлеңдері

Ескілікті наным-сенімге байланысты: бақсы сарыны, арбау

Әдет-ғұрып негізіндегі: салт, үйлену, мұң – шер өлеңдері

Қара өлең, тарихи, айтыс өлеңдері



**Өлең құрылысы** – өлең өлшемдерінің жасалу жүйесі, дыбыс үндестігі мен ырғағына тән ерекшеліктерді белгілейтін шарттар мен заңдылықтар. Өлең- жырдың күнделікті айтылатын жай сөз, қара сөздерден басты айырмасы олар мөлшерлі жеке жолдарға, яғни тармақтарға бөлінеді.

**Дүниежүзілік әдебиетте орын тепкен өлең  
құрылымы 4 түрге**

**Метрикалық өлең  
жүйесі өлең  
ырғағында ұзын  
буын мен қысқа  
буынның кезектесіп  
келуіне негізделеді.**

**Силлабо-  
тоникалық өлең  
жүйесінде екпінсіз  
буын мен қысқа  
буындар кезектесіп  
келеді.**

**Тоникалық өлең  
жүйесі орыстың  
халық  
поэзиясында  
қолданылған. Ырғақ  
екпінді буындарға  
негізделеді.**

**Силлабикалық  
өлең жүйесі буын  
санының  
мөлшерін  
тұрақты сақтауға  
негізделген.**



**Қазақ өлеңдерінің құрылысы** – қазақ әдебиеті категориясы, қазақ өлең сөзінің жасалу жүйесінің негізгі шарттары мен заңдылықтары. Қазақ өлеңдерінің құрылысын әдебиет теориясының категориясы ретінде алғаш зерттеген – А.Байтұрсынов. Ол өлең теориясын өлең айшықтары, шумақ түрлері, өлең тармақ тұлғалары, бунақ буындары, өлең ағындары, тармағының кезеңдері, тармақ ұйқастығы деп бөліп қарастырды. Буын ырғағы мен өлең ырғағын ажырату үшін , буын ырғағын жорғақ деп атауды ұсынды.



## Байтұрсынов енгізген Қазақ өлеңдерінің құрылысы

- ❖ **Өлең кестесі** – айшық, оның төрт түрін анықтайды;
- ❖ Өлеңді айтқанда сезілетін дауыс толқынының арасы – **бунақ**;
- ❖ Бунақ ішінде – **буын**;
- ❖ Бунақ араларындағы дауыс толқынының жіктері- **кезең**;
- ❖ Өлең кестесінің реті – **тармақ және шумақ**.

Ғалым әлем әдебиетінде қалыптасқан өлең жүйелерінің ішінде ( метрикалық, силлаботоникалық, силлабикалық, тоникалық) қазақ өлеңіне силлабикалық өлең жүйесі тән екендігін, сондай-ақ, қазақ поэзиясының ырғақтық – екпіндік байлығын молынан пайдалана біліп , өлең өрнектерін дамытып , байытуға зор үлес қосқан Абай екендігін алғаш рет дәлелдеді. Абай жаңа өлшем, шумақ, ұйқас түрлерін орнықтыруда асқан шеберлік көрсетіп, бұрыннан белгілі көп тараған өлшем-өрнектерді , айшықтарды керек жерінде жаңаша түрлендірді.



## Абайдан кейін бұл дәстүрді дамытқан



**С.Сейфуллин**

**М.Жұмабаев**

**І.Жансүгіров**

**С. Торайғыров**

**Өлең өлшемі** – біркелкі ырғақ сақтау үшін қолданылатын өрнек. Өлең өлшемінің негізгі атаулары ежелгі грек поэзиясынан келген, көне грек, рим әдебиетінде бұл өлшемдер ұзын буын мен қысқа буынның кезектесуі арқылы жасалған. Араб, парсы, қазақ поэзиясындағы өлең өлшемі буын санын тұрақты мөлшерде сақтау арқылы жасалады. Қазақ жыр үлгісінің тармақтары көбіне 7 не 8 буынды болып келеді, сондай – ақ 6 буынды өлең өлшемі қолданылады. Ең көп тараған өлшемнің бірі **11 буынды**. Тармақта буын саны **төрттен асса**, ол ырғақтың құрылысы жағынан бірнеше **бунаққа** бөлінеді. Мысалы, алты буынды тармақта екі бунақ болады. (3 буын+ 3 буын). Қазақ поэзиясында аралас буынды өлең өлшемдері де жиі қолданылады. Абайдың **”Сегіз аяғы”** осындай үлгімен жазылған. Мұнда 5 және 7 -8 буынды тармақтар белгілі ретпен кезектесіп отырады.



- Мысалы:

О, туған жер, кеңпейіл , құшағың кең, - **3 бунақ, 11 буын**

Саған көңіл бұлқынар күш-ағынмен. -**3 бунақ, 11 буын.**

Сағынышымды қанат қып саған қарай, - **3 бунақ, 11 буын**


Балапандай талпынып ұшамын мен .- **3 бунақ, 11 буын.**

(“Туған жер” Ф.Оңғарсынова)

Бұл өлең **бір** шумақтан, шумақ **төрт** тармақтан, әр тармақ **үш** бунақтан, **он бір** буыннан тұрады.



- Өлең ұйқасы – өлең тармақтарындағы сөз аяқтарының үндестігі, өзара ұқсас , дыбыстас естілуі. “Қазақ поэзиясында ұйқастардың түрі көп”, - дейді академик Қ.Жұмалиев.



**Бірақ ең негізгісі және көп қолданылатындары мыналар:**

- 1) қара өлең ұйқасы (ааба)
- 2) шұбыртпалы ұйқас (аааа)
- 3) ерікті ұйқас (абвгб)
- 4) кезекті ұйқас (абвб)
- 5) шалыс ұйқас (абаб)
- 6) егіз ұйқас (аабб)
- 7) аралас ұйқас (аабвбвббб)
- 8) Осы күнгі ерікті ұйқастар (абабвгд)



**Қара өлең ұйқасына мысал:**

Ақынмын деп қалай мен айта аламын,  
Халқымның өзі айтқанын қайталадым,  
...Күпі киген қазақтың қара өлеңін,  
Шекпен жауып , өзіне қайтарамын  
(М.Мақатаев)

**Кезекті ұйқасқа мысал:**

Еділдің бойы ен тоғай,  
Ел қондырсам деп едім.  
Жағалай жатқан сол елге,  
Мал толтырсам деп едім.  
(Махамбет)



## 5. ШУМАҚ САНЫ

Шумақ дегеніміз – аяқталған синтаксистік біртұтас ой.

Бұл өлең \_\_\_\_\_ шумақтан тұрады

## 6. ТАРМАҚ САНЫ

Тармақ – өлеңнің әр жолы.

Бұл өлең \_\_\_\_\_ тармақтан тұрады

## 7. БУНАҚ САНЫ

Бунақ дауыс ырғағына қарай анықталады.

Әр тармақ \_\_\_\_\_ бунақтан тұрады

## 8. БУЫН САНЫ

Буын саны дауысты дыбыстар санына байланысты болады.

Әр тармақ \_\_\_\_\_ буыннан тұрады



• **Пайдаланылған әдебиеттер:**

- *Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық. –Алматы: Аруна LTD.*
- *С.Қабдолов “Сөз өнері”. Алматы, 1996ж.*



**НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА  
РАХМЕТ!**